

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ  
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО  
СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Кенесары көшесі, 36  
тел./факс: 7 (7172) 55 59 95, тел.: 7 (7172) 55 58 03  
e-mail: office@minagri.gov.kz

010000, город Нур-Султан, улица Кенесары, 36  
тел./факс: 7 (7172) 55 59 95, тел.: 7 (7172) 55 58 03  
e-mail: office@minagri.gov.kz

№ \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаты  
Е.Х. Барлыбаевқа

2021 жылғы 25 қарашадағы  
№ ДЗ-334 депутаттық сауалға

**Құрметті Ерлан Хайланұлы!**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) жоғарыда көрсетілген депутаттық сауалды қарап, келесіні хабарлайды.

*Дәнді және майлы дақылдар тұқымдарын әкетуге уақытша экспорттық баждарды белгілеуге қатысты*

Сыртқы сауда саясаты және халықаралық экономикалық ұйымдарға қатысу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі – ВАК) отырысының 2021 жылғы 13 шілдедегі № 68 хаттамасы негізінде Министрлік республика аумағынан 6 ай мерзімге жұмсақ бидай (5-сыныпты), арпа, кебек, күнжара/жом алынады әкетуге сандық шектеулер енгізу бойынша шаралар қабылдауда.

Мәселен, «Қазақстан Республикасының аумағынан жекелеген тауарларды әкетудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі бұйрығының жобасы әзірленіп, ол бүгінгі күні мемлекеттік органдарда келісуде жатыр.

Сондай-ақ ВАК отырысының 2021 жылғы 22 қазандағы № 72 хаттамасының 2.3-тармағына сәйкес 2021 жылғы 1 желтоқсаннан бастап 2022 жылғы 1 шілдеге дейін күнбағыс тұқымын (125 мың тонна) және күнбағыс майын (110,0 мың тонна) кетуге сандық шектеулер енгізу туралы бұйрық («Қазақстан Республикасының аумағынан жекелеген тауарларды әкетудің кейбір

мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 13 желтоқсандағы №376 бұйрығы) бекітілді.

*АӨК-нің өңдеу саласының субъектілерін жүйелі қолдау бойынша нақты шаралар қабылдауға қатысты*

Қазақстан Үкіметі өндірілетін өнімнің өзіндік құнын төмендету және астық өңдеу саласының экспорттық әлеуетін арттыру үшін жүйелі негізде бірқатар шаралар қабылдауда.

Отандық өңдеу саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында қарыз алушы үшін түпкілікті мөлшерлемесі 5-6% болатын айналым қаражатын толықтыруға жеңілдікті кредиттер көзделген.

«Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы шеңберінде бидайдың өңделген өнімдері қарыз алушы үшін түпкілікті сыйақы мөлшерлемесі 6% болатын негізгі құралдарды сатып алуға және айналым қаражатын толықтыруға арналған басым жобаларға кредит беруге арналған тауарлар тізбесіне енгізілді.

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 411-бабына сәйкес өңдеушілерге ҚҚС-ны 70% мөлшерінде төмендету бойынша жеңілдік беріледі.

Бұдан басқа, «Өңдеу кәсіпорындарының ауылшаруашылық өнімін тереңдете өңдеп өнім өндіруі үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 26 қарашадағы № 3-2/615 бұйрығына құрғақ дән маңызы мен биоэтанол өндіру үшін бидай сатып алу шығындарын субсидиялау бөлігінде өзгерістер енгізілді.

Сондай-ақ «Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 30 наурыздағы № 107 бұйрығына (бұдан әрі – № 107 бұйрық) сәйкес дәндік жүгері, қарақұмық, майлы дақылдар және қант қызылшасы бойынша субсидиялау өңдеуге тапсырылған көлем үшін көзделген.

Сонымен бірге шикізаттық емес экспортты ынталандыру үшін Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 1128 бұйрығымен бекітілген Индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің отандық өңделген тауарларды, сондай-ақ ақпараттық-коммуникациялық көрсетілетін қызметтерді сыртқы нарықтарға ілгерілету бойынша шығындарының бір бөлігін өтеу қағидалары, оларды ілгерілету бойынша шығындары ішінара өтелетін отандық өңделген тауарлар, сондай-ақ ақпараттық-коммуникациялық көрсетілетін қызметтер тізбесі шеңберінде өнімді бөлу деңгейіне байланысты көлік шығындарының бір бөлігін өтеу жүзеге асырылады, лицензиялау рәсімдерін жүргізуге, сертификаттау шеңберінде сынақтар үшін өнімді жеткізуге, лицензиялық шарттар жасасуға, сауда сөрелерін жалдауға байланысты шығындардың бір бөлігін өтеудің жаңа түрлері көзделген.

Атап айтқанда, қазақстандық экспорттаушыларға өнімнің өзіндік құнын 10%-ға дейін төмендетуге, сондай-ақ экспорт географиясы мен тауарлар

номенклатурасын кеңейтуге мүмкіндік беретін көлік шығындарының бір бөлігін өтеу тетігі енгізілді.

Кәсіпорындардың жарнамаға, сауда алаңдары мен сөрелерді, қоймаларды жалдауға, брендтерді сертификаттауға және тасымалдауға жұмсаған шығындары да өтеледі.

Бұдан басқа, Қытай нарығына отандық тамақ өнімдерінің (бидай ұны, бидай кебегі, бидай крахмалы, бидай дәнінің маңызы, жарма, макарон өнімдері) тұрақты қолжетімділігі арнасын құрған Экспорттық Акселерация Бағдарламасы жұмыс істейді.

Биыл өткізу географиясын кеңейту мақсатында Қытайға БАӘ қосылады. Осылайша, жеткізілетін тауарлар номенклатурасын және отандық өнімді өткізу географиясын кеңейту осы елдердің нарықтарына тұрақты жеткізу тізбегін құруға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі салық тексерісін жүргізбестен, ҚҚС-ның 50%-ы автоматты түрде қайтарылатын өздері өндіретін тауар өндірушілердің тізбесін бекітті.

Сонымен қатар тұрақты негізде сауда-экономикалық миссияларды, көрмелерді, ұлттық стендтерді және т.б. ұйымдастыру арқылы экспортты ілгерілету бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде өңдеу саласын дамыту жөніндегі шаралар Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамыту жөніндегі 2021 – 2025 жылдарға арналған ұлттық жоба (бұдан әрі – Ұлттық жоба) шеңберінде көзделгенін атап өтеміз.

*Отандық мал шаруашылығының азықтық базасын қалыптастыру үшін дәнді және майлы дақылдарды өңдеу мүмкіндігін пайдалануға қатысты*

Қазіргі уақытта азықтық базаны қалыптастыру Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың негізгі стратегиялық бағыттарының бірі болып табылады.

Осыған байланысты Министрлік егіс алқаптарын әртараптандыру, оның ішінде азықтық дақылдар өсірілетін алаңдарды ұлғайту бойынша тұрақты негізде жұмыс жүргізуде.

Жоғарыда көрсетілгендерді іске асыру үшін № 107 бұйрыққа сәйкес тұқымдарды, минералдық тыңайтқыштарды, өсімдіктерді қорғау құралдарын субсидиялау жүзеге асырылады. Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 маусымдағы № 6-3/597 бұйрығына сәйкес суаратын су беру кезіндегі шығындар ішінара өтеледі.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 23 шілдедегі № 317 бұйрығымен бекітілген Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидалары шеңберінде ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуға және суару жүйелерін құруға және кеңейтуге инвестициялық субсидиялау жүргізіледі.

Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өңдеудің жанама өнімдері мал шаруашылығының азықтық базасында да пайдаланылады.

Соңғы уақытта өңдеу саласының дамуын ескере отырып, майлы жом мен күнжара сияқты құрамажем өндіруде пайдаланылатын жанама өнімдер өндірісі көлемінің өсуі байқалады: 2020 жылы 50 мың тоннаға немесе 2019 жылдың деңгейінен 13,6%-ға көп, кебек 13,2 мың тоннаға немесе 1,2%-ға көп, сондай-ақ қызылша сығындысы 1 мың тоннаға немесе 1%-ға көп.

Сонымен қатар отандық мал шаруашылығының азықтық базасын қалыптастыру үшін дәнді және майлы дақылдарды өңдеу мүмкіндігін пайдалану Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы негізінде, әзірленіп жатқан Ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеуді дамыту жөніндегі жол картасы шеңберінде қаралатын болады.

**Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрі**

**Е. Қарашөкеев**

*М. Саутов, 555-989*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ  
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО  
СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Кенесары көшесі, 36  
тел./факс: 7 (7172) 55 59 95, тел.: 7 (7172) 55 58 03  
e-mail: office@minagri.gov.kz

010000, город Нур-Султан, улица Кенесары, 36  
тел./факс: 7 (7172) 55 59 95, тел.: 7 (7172) 55 58 03  
e-mail: office@minagri.gov.kz

№ \_\_\_\_\_

**Депутату Мажилиса Парламента  
Республики Казахстан  
Барлыбаеву Е.Х.**

*На письмо № ДЗ-334  
от 25 ноября 2021 года*

**Уважаемый Ерлан Хайланович!**

Министерство сельского хозяйства Республики Казахстан (далее – Министерство), рассмотрев вышеуказанный депутатский запрос, сообщает следующее.

*Касательно установления временных экспортных пошлин на вывоз зерновых и семян масличных культур*

На основании протокола заседания Межведомственной комиссии по вопросам внешнейторговой политики и участия в международных экономических организациях от 13 июля 2021 года № 68 Министерством принимаются меры по введению количественных ограничений на вывоз с территории Республики мягкой пшеницы (5 класса), ячменя, отрубей, шрота/жмыха сроком на 6 месяцев.

Так, разработан проект приказа Министра сельского хозяйства Республики Казахстан «О некоторых вопросах вывоза отдельных товаров с территории Республики Казахстан», который на сегодняшний день находится на согласовании в государственных органах.

Также, согласно пункта 2.3 протокола заседания МВК от 22 октября 2021 года № 72 утвержден приказ о введении количественных ограничений на вывоз семян подсолнечника (125 тыс. тонн) и масла подсолнечного (110,0 тыс. тонн) с 1 декабря 2021 года по 1 июля 2022 года (приказ Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 13 декабря 2021 года № 376 «О некоторых вопросах вывоза отдельных товаров с территории Республики Казахстан»).

*Касательно конкретных мер по системной поддержке субъектов перерабатывающей отрасли АПК*

Правительством Казахстана на систематической основе принимается ряд мер для снижения себестоимости производимой продукции и повышения экспортного потенциала зерноперерабатывающей отрасли.

В целях повышения конкурентоспособности отечественной перерабатывающей отрасли предусмотрены льготные кредиты на пополнение оборотных средств с конечной ставкой для заемщика 5-6%.

В рамках программы «Экономики простых вещей» продукты переработки пшеницы включены в перечень товаров для кредитования приоритетных проектов на приобретение основных и пополнение оборотных средств с конечной ставкой вознаграждения для заемщика 6%.

В соответствии со статьей 411 Налогового кодекса Республики Казахстан для переработчиков предоставляется льгота по снижению НДС в размере 70%.

Кроме того, внесены изменения в приказ Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 26 ноября 2014 года № 3-2/615 «Об утверждении Правил субсидирования затрат перерабатывающих предприятий на закуп сельскохозяйственной продукции для производства продуктов ее глубокой переработки» в части субсидирования затрат на закуп пшеницы для производства сухой клейковины и биоэтанола.

Также, в соответствии с приказом Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 30 марта 2020 года № 107 «Об утверждении Правил субсидирования повышения урожайности и качества продукции растениеводства» (далее – Приказ № 107) предусмотрено субсидирование по кукурузе на зерно, гречихе, масличным культурам и сахарной свекле за объемы сданной на переработку.

Также для стимулирования несырьевого экспорта в рамках Правил возмещения части затрат субъектов индустриально-инновационной деятельности по продвижению отечественных обработанных товаров, а также информационно-коммуникационных услуг, перечня отечественных обработанных товаров, а также информационно-коммуникационных услуг, по которым частично возмещаются затраты по их продвижению, утвержденных приказом Министра по инвестициям и развитию Республики Казахстан от 30 ноября 2015 года № 1128, осуществляется возмещение части транспортных затрат в зависимости от уровня передела продукции, предусмотрены новые виды возмещения части затрат, связанные с проведением процедур лицензирования, доставкой продукции для испытаний в рамках сертификации, заключением лицензионных договоров, арендой торговых полок.

В частности, внедрен механизм возмещения части транспортных затрат, который позволяет казахстанским экспортерам снизить себестоимость продукции до 10%, а также расширить географию экспорта и номенклатуру товаров.

Возмещаются также затраты, понесенные предприятиями на рекламу, аренду торговых площадей и полок, складов, сертификацию брендов и транспортировку.

Кроме того, действует Программа Экспортной Акселерации, создавшая устойчивый канал доступа отечественной пищевой продукции (мука пшеничная, отруби пшеничные, крахмал пшеничный, пшеничная клейковина, крупы, макаронные изделия) на рынок Китая.

В текущем году, в целях расширения географии сбыта к КНР добавятся ОАЭ. Таким образом, расширение номенклатуры поставляемых товаров и географии сбыта отечественной продукции позволит создать стабильные цепочки поставок на рынки данных стран.

Министерством торговли и интеграции Республики Казахстан также утвержден перечень производителей товаров собственного производства для которых, предусмотрен 50% «автовозврат» НДС без проведения налоговой проверки.

Параллельно на постоянной основе проводится работа по продвижению экспорта посредством организации торгово-экономических миссий, выставок, национальных стендов и др.

На основании вышеизложенного отмечаем, что меры по развитию перерабатывающей отрасли предусмотрены в рамках Национального проекта по развитию агропромышленного комплекса Республики Казахстан на 2021-2025 годы (далее – Нацпроект).

*Касательно использования возможности переработки зерновых и масличных для формирования кормовой базы отечественного животноводства*

В настоящее время формирование кормовой базы является одной из основных стратегических направлений развития агропромышленного комплекса Республики Казахстан.

В связи с этим, Министерством на постоянной основе проводится работа диверсификации посевных площадей, в том числе по увеличению площадей выращивания кормовых культур.

Для реализации вышеуказанного, в соответствии с приказом № 107 осуществляется субсидирование семян, минеральных удобрений, средств защиты растений. А также в соответствии с приказом Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 30 июня 2015 года № 6-3/597 частично возмещаются затраты при подаче поливной воды.

Кроме того в рамках Правил субсидирования по возмещению части расходов, понесенных субъектом агропромышленного комплекса, при инвестиционных вложениях, утвержденных приказом и.о. Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 23 июля 2018 года № 317 производится инвестиционное субсидирование на приобретение сельхозтехники и создании и расширении оросительных систем.

Побочные продукты переработки растениеводческой продукции также используются в кормовой базе животноводства.

За последнее время, учитывая развитие перерабатывающей отрасли наблюдается рост объемов производства побочных продуктов которые

используются в производстве комбикормов, такие как масличные жмыхи и шроты – в 2020 году больше на 50 тыс. тонн или 13,6 % уровня 2019 года, отруби – больше на 13,2 тыс. тонн или 1,2 %, а также свекловичного жома – на 1 тыс. тонн или 1%.

Вместе с тем отмечаем, что использование возможности переработки зерновых и масличных для формирования кормовой базы отечественного животноводства будет рассмотрено на основе Концепции развития агропромышленного комплекса Республики Казахстан на 2021-2030 годы в рамках разрабатываемой Дорожной карты по развитию переработки сельскохозяйственной продукции.

**Министр сельского хозяйства  
Республики Казахстан**

**Е. Карашукеев**

*М. Саутов, 555-989*